

*Халықаралық нормаларды
қолдану: негізгі құқықтық
мәселелер.*



Жоспар:

1. Коллизиялық нормаларды қолдану мәселелері

2. Өзара түсіністік. Реторсия.

3. Жария тәртіп туралы ескерту.


Негізгі ұғымдар:

Реторсиялар - мемлекеттің жеке және заңды тұлғаларын кемсітушілік жағдайға қойған басқа мемлекеттің достыққа жатпайтын әрекетіне жауап ретінде алғашқы мемлекет жасаған құқық шеңберіндегі мәжбүрлеу әрекеттері.

Императивтік норма – заңмен белгіленген және құқық субъектісі үшін міндетті болып табылатын құқық нормасы.



Коллизиялық нормаларды қолдану процесінде коллизиялық норманың көлемінде немесе шешімінде қолданылатын заң ұғымдарының квалификациясы мәселесі туындайды. Әртүрлі мемлекет құқықтарында заң ұғымдары өз мазмұны бойынша сәйкес келе бермейді. Батыс мемелкеттерінде билік етуші доктриналарға сәйкес заң ұғымдарын квалификациялау коллизиялық нормалар қолданбай тұрып сот заңы қағидасына сәйкес жүргізілуі тиіс.



Коллизиялық
нормаларды
қолданудағы күрделі
мәселелердің бірі -

кері сілтеме.


Кері сілтемеге қатысты
құқықтық тәжірибеде
екі доктрина
қалыптасқан:

1) кері сілтемені
қабылдау доктринасы

2) кері сілтемені
қабылдамау
доктринасы.



Қабылдау доктринасында
коллизиялық норма шетел
құқығының материалдық
та, коллизиялық та
нормаларына сілтеме
жасайды.



Қабылдамау
доктринасында
коллизиялық норма тек
материалдық нормаларға
сілтеме жасайды.

Шет мемлекеттердің заңдық тәжірибелері мен доктриналарында кері сілтемені және үшінші елдің құқығына кері сілтеме жасауды қолдану мәселелері біржақты шешілмеген.



Польшаның
«Халықаралық жеке
құқық туралы» заңы
сілтеменің екі түрін де
таныса



Венгрия
заңнамасы тек
өзінің құқығына
сілтемені таниды.

Қазақстанда коллизиялық нормалар шетел құқығына сілтеме жасаса шетел құқығы барлық жағдайларда қолданылуға жатады.

Егер қазақстандық заңнама шетел құқығына сілтеме жасап, шетел құқығы қатынастарды реттеуден бас тартса, тиісті қатынастарды реттеуде ҚР заңы қолданылады.


ҚР АҚ-нің 1087 бабына сәйкес шетел құқығына сілтеме жасау тиісті елдің коллизиялық емес материалдық құқығына сілтеме жасау ретінде қарастырылуы тиіс. Бұдан шығатын қорытынды ҚР кері сілтемені қабылдамау доктриансы әрекет етеді.

Коллизиялық нормаларды қолдану барысында туындайтын мәселелердің келесісі – заңды айналып өту.

Заңды айналып өту көп жағдайларда отбасылық-некелік қатынастарда кездеседі.



Заңды айналып өту коллизиялық норма сілтеме жасаған мемлекеттің заңынан бөлек өзге заңды қолдану деген мағынаны білдіреді.



ҚР АҚ-нің 1088 бабына сәйкес шетелдік элементі бар азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың АҚ-тің 7 бөлімінің қолдануға тиісті құқық туралы ережелерін айналып өтіп, тиісті қатынастарды өзге құқыққа жатқызуға бағытталған келісімдері мен іс-әрекеттері жарамсыз болады және қолдануға тиісті құқық қолданылады.

Өзара түсіністік мәселесі мемлекеттердің өзара тәуелділігімен тікелей байланысты. Қазақстанда шетел заңының негізінде пайда болған құқықтар заңнама негізінде танылады.

ХЖҚ доктринасына сәйкес өзара түсіністік дегеніміз – шетел азаматтары мен заңды тұлғаларына өзара нақты режимді беру.

ХЖҚ-та өзара
түсіністіктің екі түрі
бар:

*материалды өзара
түсіністік*

Материалды өзара
түсіністік шетел
азаматтары мен заңды
тұлғаларына олардың
отандық
заңнамасымен
көзделген құқықтар
мен өкілеттіктердің
берілуін көздейді

*формальды өзара
түсіністік*

Формальды өзара
түсіністікте шетелдік
жеке және заңды
тұлғаларға жергілікті
заңнан туындайтын
құқықтар мен
өкілеттіктер беріледі.

- Өзара түсіністік мәселесіне байланысты *реторсия* туралы сұрақ туындайды. Егер бір мемлекет өзге мемлекет азаматтары мен заңды тұлғаларының мүдделеріне қатысты дискриминациялық тәртіпте негізсіз, зиян келтіретін шаралар қабылдаса, соңғы мемлекет қарсы шаралар қолдануға құқылы. Мұндай шара реторсия деп аталады және бұл шаралардың мақсаты бірінші мемлекетпен қойылған шектеулерді алдыртып тастау.



Реторсияға байланысты
Қазақстан Республикасының
Азаматтық кодексінің-1093
бабында былай делінген:
Қазақстан Республикасының
азаматтары мен заңды
тұлғаларының құқықтарына
арнайы шектеулері бар
мемлекеттердің азаматтары мен
заңды тұлғаларының
құқықтарына қатысты Қазақстан
Республикасы *қарсы шектеулер*
(реторсиялар) белгілеуі мүмкін.

Коллизиялық норманың әрекет етуі, шетел құқығын қолдану жария тәртіп туралы ескерту жолымен шектелуі мүмкін.



Жария тәртіп туралы ескерту (ordre public, public policy) өзінің коллизиялық құқығының мүмкіншілігі бар, барлық құқықтық жүйеге белгілі болып табылады.



Ескертудің мақсаты – ол сот елінің жария тәртібіне сәйкес келмейтін, шетел заңын қолдануды шығарып тастауға жеке коллизиялық норманың әрекетіне шектеу болып табылады.

- «Шетелдік арбитарж шешімдерін тану мен орындау туралы» 1958ж. Нью-Йорк Конвенциясына сәйкес «шешімді тану мен орындау сұралатын елдің органдары шешімді танудың немесе орындаудың салдары тиісті елдің жария тәртібіне қарсы келсе мұндай шешімді тану мен орындаудан бас тартылуы мүмкін».



NEW YORK
CONVENTION
GUIDE

Жария тәртіп туралы ескерту



```
graph TD; A[Жария тәртіп туралы ескерту] --> B[біріншіден, шетел құқығын қолданудың салдары немесе нәтижесі құқықтық тәртіптің негіздеріне қайшы келсе;]; B --> C[екіншіден, шетелдік сот немесе арбитраждардың шешімдерін тану мен орындау құқықтық тәртіптің негіздеріне қайшы келсе қолданылады.]; C --> D[Бұл ескертпені қолданудың шектерін анықтау көп мемлекеттерде толығымен соттардың қарауына берілген.];
```

біріншіден, шетел құқығын қолданудың салдары немесе нәтижесі құқықтық тәртіптің негіздеріне қайшы келсе;

екіншіден, шетелдік сот немесе арбитраждардың шешімдерін тану мен орындау құқықтық тәртіптің негіздеріне қайшы келсе қолданылады.

Бұл ескертпені қолданудың шектерін анықтау көп мемлекеттерде толығымен соттардың қарауына берілген.

- Соңғы кездерде жария тәртіп туралы ескертуге сілтеме жасау мен қатар шетел құқығы нормаларымен салыстырғанда приоритеті жоғары ұлттық құқықтың императивті нормаларына сілтеме жасау арқылы шетел құқығының нормаларын қолданбау мүмкіндігі туындады. Швейцарияның ХЖҚ туралы заңының 18-бабы және «Шарттық міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы» Рим Конвенциясының 7-бабы сот мемлекетінің құқығы нормаларының ішінде императивті нормалар болған жағдайда олардың қолданылуға тиіс шетел құқығынан приоритеті жоғары болады деп бекіткен.



ХЖҚ аясында жария тәртіп туралы ескерту халықаралық азаматтық процесс мәселелерінде де қолданыла бастады.

Құжаттарды тапсыру немесе куәдан жауап алу секілді процессуалдық әрекеттерден мемлекеттік немсе әскери құпия мәліметтері айқын боларлық жағдайларда, олардың тиісті мемлекеттің қауіпсіздігі мен мүддесіне зиян келтіруіне негізделе отырып, жария тәртіп туралы ескерту арқылы мұндай процессуалдық әрекеттерге жол берілмеуі мүмкін.

